

**В.И.Пацаев атындағы №2 Алға орта мектеп кітапханасының
жұмысы туралы
2024-2025 оқу жылы**

Кітапхана жұмысының өзекті мәселесі: «Оқушыларды біліммен қаруландыра отырып, шығармашылық қабілеттерін арттырып, қоғамның саналы азаматы болуға көмектесу.

Кітап-саркылмас рухани қазына дей келе,білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру.Кітаптың адам өміріндегі маңызы,ғылым мен білімнің пайдасы жайлы насихаттау.Кітапқа деген қызығушылығын арттыру.Оқулықтарын күтіп ұстауға үйрету болып табылады».

Осыған орай мектеп кітапханасында 2024-2025 оқу жылының бекітілген жоспары бойынша қыркүйек айынан бастап жұмыстар жүргізілді. “Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында мектепте үзіліс уақытында “5 минуттық кітап оқу” акциясы ұйымдастырылуда

#бір тұтас тәрбие ақтөбеоблысы

@alga_mektep2

@alga_bilim_bolimi

@aqtoobe_bilim_basqarmasy

https://www.instagram.com/reel/C_zrInONDy9/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Қоңырау уақытын тиімді пайдалану мақсатында ұйымдастырылған “10 минуттық оқу” акция

#кітаппендосбол

#бір тұтас тәрбие ақтөбеоблысы

@alga_mektep2

https://www.instagram.com/reel/C_2xSo5tk79/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Кітап оқу әрқашан трендте

#кітаппендосболайық

“Bookcrossing. Өзің оқы, басқалар да оқысын” кітап көрмесі

#бір тұтас тәрбие ақтөбеоблысы

#оқуғақұштармектеп

https://www.instagram.com/reel/DBQcyhstCO6/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

2024-25 оқу жылында балалар әдебиетінің классигі, қазақ прозасына өзгеше өрнек, ғажайып сыр-сипат әкелген көрнекті қазақ жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың 100 толуына орай мектеп кітапханасында кітап көрмесіне библиографиялық шолу өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға жазушы өмірі мен шығармашылығымен таныстыра отырып, әлемге танылған әйгілі шығармасы туралы білімдерін толықтыру; Оқушылардың ой - өрісін, қызығушылығын ояту, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру; Шара барысында оқушыларға жазушының өмірбаяны мен шығармашылығы туралы мәлімет берілді.

Көрмеге Менің атым Қожа», «Өлгендер қайтып келмейді», «Балалық шаққа саяхат», «Б.Соқпақбаев шығармалары. III том», «Мәдениет», «Аңыз адам» журналдары қойылып, таныстырылды.



<https://www.instagram.com/reel/DA-LAWcN-pi/?igsh=MXdkaXpyNjhwM29pNQ=>

2024-2025 оқу жылында «Ұрпақ болашағы – тәрбие мен білімде» атты сынып жетекшілер онкүндігі аясында мектеп кітапханасында «Менің Отаным» атты кітап көрмесі өтті. Көрмеге «Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы», «Қазақстан табиғаты», «Қазақстан», «Атамекен географиялық энциклопедиясы», «қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті», «Маңғыстау», «Ақмола», «Атырау», «Ақтөбе» энциклопедиялары және т.б. көптеген кітаптар қойылып, библиографиялық шолу жасалды. Сонымен қатар сурет көрмесі ұйымдастырылып, оны қорғаған оқушылар марапатталды. «Қазақстан қалалары» атты ойын ойнатылып, отан туралы мақал-мәтелдер, өлеңдер оқылды. Шараға 4-5 сынып оқушылары қатысты.



<https://www.instagram.com/reel/DBLQVOnNP8n/?igsh=YWIwem9ndHd3dzMz>

Оқушыларды 1тоқсанның аяқталуымен құттықтап, күзгі каникулды тиімді өткізу мақсатында “Балалар кітапханасы” жобасы аясында “Демалыста кітап оқимыз” атты челлендж ұйымдастырылды.

#біртұтас_тәрбие_ақтөбеоблысы

#оқуғақұштармектеп

#балаларкітапханасыжобасы

@alga_bilim_bolimi

@alga_mektep2

https://www.instagram.com/reel/DBYZBJUN4Qs/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/DBarAIsNxi1/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

5сынып оқушыларымен “Демалыста кітап оқимыз” тренд видео. Мақсаты: кітапты үнему оқуға, кітаппен дос болуға насихаттау және каникул кезінде уақытты тиімді пайдалана білуге дағдыландыру.

https://www.instagram.com/reel/DBbQYOHts4s/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Кітаптар сөйлесе қалай болар еді.

#кітаптарсөйлейді айдары

https://www.instagram.com/reel/DB_Z9GotONv/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

«Балалар кітапханасы жобасы» аясында балалар әдебиетінің бәйтерегі Сапарғали Бегалинге арналған кітап көрмесі ұйымдастырылды.

«Шоқан асулары» атты кітабына шолу жасалып, өмірбаяны мен шығармашылық жолы туралы мәлімет берілді.

<https://www.instagram.com/p/DCO0TRINloS/?igsh=MTB4eGU5dzJkenBlcg==>

15 қараша - Ұлттық валюта күніне арналған 5 сынып оқушыларымен танымдық сабақ өткізілді. Мақсаты оқушыларға Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы теңге туралы түсінік беру, оның пайда болу тарихын, маңызын, қолданылу саласын таныстыру.

#оқуғақұштармектепәктөбе
#балаларкітапханасыжобасы
#бір_тұтас_тәрбие

[https://www.instagram.com/reel/DCZa8ZDOflu/?utm_source=ig_web_copy_link
&igsh=MzRlODBiNWFlZA==](https://www.instagram.com/reel/DCZa8ZDOflu/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==)



Оқуға құштар мектеп " жобасы бойынша «Бір сынып – бір ертегі » тақырыбы *Ертегі —тәрбие көзі * атты 3 сынып оқушыларымен өздері оқыған ертегіні талқылау шарасы өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың ақыл-ойларын, сөздік қорларын дамыту, есте сақтау қабілетін дамыту. Кейіпкерлерді сахналау барысында мінез-құлқын жеткізе білуге үйрету, олардың сөз мәнерін, қимыл қозғалысын келтіріп ойнауға үйрету.

Шараға 3 сынып оқушылары қатысты.

<https://www.instagram.com/reel/DC91z3HueCn/?igsh=MTgzeWN5NzR0YXBvOQ==>



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында және «Балалар кітапханасы жобасы» негізінде мектеп кітапханасында «Абай – дана, Абай – дара казакта!» атты ұлы ақын Абай шығармаларына шолу, өлеңдері оқылып, қарасөздері талқылау шарасы өтті. Шараға 5-6 сынып оқушылары қатысты. Шара барысында бірнеше өлеңдері жатқа айтылып, мәнерлеп оқылды.



Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні — тарихы тереңде жатқан елдің жаңа заманда өз алдына қайта егеменді ел болған күні. Егемен еліміз 16 желтоқсанда Ұлттық мереке — Тәуелсіздік күнін атап өтеді.

Соған орай, мектеп кітапханасында “Тәуелсіздік-тұғырым” атты мерекеге арналған кітап көрмесі өтті.

Мақсаты жас буынды егемендік жылдарындағы жетістіктерімізбен таныстырып, олардың бойындағы патриоттық құндылықтарды дамыту.

Көрмеге қойылған кітаптарға библиографиялық шолу жасалды және “Білім құдығынан” алынған сұрақтарға жауап беріп, тәуелсіздік туралы мәліметтер берілді.

Көк байрағы желбіреген, бүгінгідей абыройлы да айбынды, беделді де берекелі, ынтымағы мен бірлігі жарасқан еліміздің тәуелсіздігі баянды болғай.

#біртұтас_тәрбие_актөбеоблысы

#балаларкітапханасыжобасы

#оқуғақұштармектеп

https://www.instagram.com/reel/DDf3ATdIyk5/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==



«Оқуға құштар мектеп», «Балалар кітапханасы» жобалар аясында мектеп кітапханасында құрылған жоспар бойынша ертегілер кейіпкерлеріне арналған шара өткізілді. Шараға даярлық топ балалары белсенді қатысып, «Бауырсақ» ертегісін сахналады.

Шараға: 25 бала қатысты.

Максаты: Оқушыларды ертегілер туралы білімдерін тереңдету. Ертегілерді сахналау барысында кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізе білуге, сөз-мәнерін, қимыл-қозғалысын келтіріп ойнауға үйрету, ертегіні еркін сахналауға ой-өрісін, қиялын, әртістік шеберлігін дамыту.

#біртұтас_тәрбие_ақтөбеоблысы

[#оқуғақұштармектеп](#)

[#балаларкітапханасыжобасы](#)

[@alga_mektep2](#)

https://www.instagram.com/reel/DD86TyrtoOys/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DD86wVMtcIM/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

В.И.Пацаев атындағы №2 Алға орта мектебі кітапханасында «Оқуға құштар мектеп» және «Балалар кітапханасы» жобасын іске асыру мақсатында

қысқы демалыс кезінде «Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз» іс-шаралар өткізілді. Мақсаты: оқушыларды кітап әлеміне жетелеу, кітапқұмарлыққа тәрбиелеу, әдеби кітаптарға деген қызығушылықтарын ояту, өз оқыған кітаптарын талқылауға үйрету.

Оқушылар мектеп кітапханасынан ұсынылған кітаптар тізімі бойынша кітаптар алып оқып, өз ойларымен бөлісті. Қысқы демалыстарын босқа өткізбей, кітап оқумен айналысты. Қысқы демалыста демалып қана қоймай, үйде ата-аналармен бірге кітап оқып, оқыған кітаптарымен бөлісті.

Интернетке қанша қажеттілік болса да, кітаптың орнын баса алмайды. Кітап рухани азық қана емес, түсінген адамға сырлас дос. Интернеттен онлайн кітап оқысаң да қолыңа кітап алып оқығын бөлек екені белгілі. Кітапханада 6- сынып оқушыларымен “Интернет кітапты алмастыра ала ма?” атты дөңгелек үстел өтті.

Мақсаты: оқушыларға ғаламтордың пайдасы мен зияны және кітап туралы мағлұмат бере отырып, жақсысын үйреніп, жаманынан жиренуге үйрету. Сондай-ақ оқушыларды өз ойларын ашық, нақты, тиянақты жеткізе білуге тәрбиелеу.

Оқушылармен өткізілген іс-шаралар инстаграм әлеуметтік желісіне жүктелді.



«Балалар кітапханасы» жобасы аясында және қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігінің онкүндігі қарсаңында мектеп кітапханашыларының ұйымдастыруымен “ Өлеңнің тау тұлғасы - Қадыр ақын” атты әдеби кеш өтті. Мақсаты Қадыр Мырза Әлінің өмірі мен шығармашылық қызметіне шолу, және ақын шығармашылығын насихаттау. Адамгершілік, ақындық қасиеттерін таныту және тіл шеберлігін ұғындыру. Балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, кітап оқуға шақыру.

Шараға 5-8 сынып оқушылары қатысып, акынның өлеңдерін оқып, әндері айтылды. Шара соңында қазақ жүрегінен орын алған Қадыр Мырза Әлидің сөзіне жазылған ҚР Халық әртісі Е. Хасанғалиевтің “Атамекен” әні орындалды.

https://www.instagram.com/reel/DE4gguCN_hm/?igsh=MW10OXdiZ2dyczBmOQ==



“Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында мектеп кітапханасында “Кітап - ғұмырлық байлық” атты кітапханаға кітап сыйлау акциясы ұйымдастырылды. Акцияға мектеп басшысы, ұстаздар мен оқушылар қатысып, бірнеше кітап сыйға берілді. Акция мақсаты қарапайым және мейірімге толы кітап оқуға шақыру.

[#бірғұтас_тәрбие](#)

[#оқуғақұштармектеп2024](#)

[@medetbekovameruert](#)

[@oqu_agartu_ministrigi](#)

[@gani.beisembayev](#)

[@aqtobe_bilim_basqarmasy](#)



Халықтың жүрегін рухты өлеңдерімен жаулап алған Мұқағали Мақатаевтың қазақ поэзиясында алар орны ерекше. Мұқағали дәстүршіл акын, ол өлеңге интонация, инверсия, мазмұн тұрғысынан жаңалық енгізді. Мұқағалидің поэзиясы ұлттық характерімен, мінезімен ерекшеленеді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы және «Балалар кітапханасы» жобасы аясында ағымдағы жылдың ақпан айында **«Мұқағали мұрасы – халық қазынасы»** атты мәнерлеп оқу сағаты өткізілді. Мақсаты: М.Мақатаевтың өлеңдері мен әндері арқылы оқушыларды елжандылыққа, әдемілікке, кітап оқуды сүйеге, баули отырып, поэзия әлемінің сырын ашу.

https://www.instagram.com/reel/DF2_8RuNeY2/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/reel/DFwv6aBNfkb/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/reel/DFwoEI4tN6s/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/reel/DFwmqIStz-7/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/reel/DFwmK17tkQa/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/reel/DFvAPcbtoM0/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

https://www.instagram.com/reel/DFuyvZbN2Rh/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

«Балалар кітапханасы» және «Оқуға құштар мектеп» бағдарламасын жүзеге асыру, кітаптың құдіретін арттырып, оқуға деген сүйіспеншілікті ояту мақсатында мектеп кітапханасында 14 ақпан – халықаралық кітап сыйлау күніне орай «Шын жүректен кітап сыйла» акциясы өткізілді. Акцияға оқушылар, ата-аналар және мұғалімдер қатысты.





Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған “Абай даналығы - халық мұрасы” атты көрме оқырман назарында

#оқуғақұштармектеп
 #біртұтас_тәрбие_ақтөбеоблысы
 #oquagartuministrligi
 #aqtobe_adistemelik_ortalyk
 #aqtobe_bilim_basqarmasy

https://www.instagram.com/reel/DGUIJZVNsEa/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

“Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында өткізілген қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған “Абай даналығы - халық мұрасы” тақырыбында ақынның қара сөздерін, өлеңдерін жатқа айту челленджі қабылданды. Бұл челленджге мектебімізден үштік одақ: ұстаз, оқушы, ата-ана қатысып, Абайдың жиырмасыншы қара сөзін оқыды.

#оқуғақұштармектеп
 #біртұтас_тәрбие_ақтөбеоблысы
 #oquagartuministrligi
 #балаларкітапханасыжобасы

#aqtobe_bilim_basqarmasy
#aqtobe_adistemelik_ortalyk
#біртұтас_тәрбие

[https://www.instagram.com/reel/DGUmRPZt8D2/?utm_source=ig_web_copy_link
&igsh=MzRlODBiNWFlZA==](https://www.instagram.com/reel/DGUmRPZt8D2/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==)

8 Наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай мектеп кітапханасында “ Аналар туралы аңыздар” атты көрме ұйымдастырылды. Көрмеге тарихи кезеңнің қиын-қыстау жылдарында бой жетіп, жаңа өмір үшін саналы күреске шығып, қоғамдық-саяси іске белсене араласқан, ескі салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпқа қарсы шығып, ел басқару дәрежесіне дейін көтерілген қазақ әйелдерінің тағдыры бейнеленген, сол замандағы қазақ әйелінің бейнесін көруге болатын кітаптар қойылды. Сонымен қатар Аналар туралы өлеңдер, накыл сөздер, суреттер ілінді.

#оқуғақұштармектеп #біртұтас_тәрбие_актөбеоблысы
#oquagartuministrigi
#балаларкітапханасы #aqtobe_bilim_basqarmasy

[https://www.instagram.com/reel/DG2P2x1tGcU/?utm_source=ig_web_copy
link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==](https://www.instagram.com/reel/DG2P2x1tGcU/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==)

[https://www.instagram.com/reel/DG2RdgXNHJL/?utm_source=ig_web_cop
y_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==](https://www.instagram.com/reel/DG2RdgXNHJL/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==)

Көктемгі демалыс - демалып қана қоймай, өзімізді дамытуға тамаша мүмкіндік. Осы уақытты пайдалы өткізу үшін сіздерді кітап оқуға шақырамыз! Кітап - білімнің бұлағы, ой-өрісімізді кеңейтіп, қиялымызды ұштайды.

Сүйікті жанрыңызды тандап, жаңа әлемдерге саяхат жасаңыз. Көркем және танымдық көптеген тамаша туындылар сіздерді күтеді.

Демалысыңыз мазмұнды әрі пайдалы болсын! Кітап сіздің ең жақын досыңызға айналсын!

Көктемгі демалысты тиімді пайдалану мақсатында оқушыларға бірнеше көркем әдебиет тізімі ұсынылды.

#қроқуағартуминистрлігі
#республикалықғылымипедагогикалықкітапхана
#балаларкітапханасы
#оқуғақұштармектеп

#әдебиетәлеміндекөктемсамалы

#көктемдекітапоқимыз2025

https://www.instagram.com/reel/DHaMboVNfVu/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

https://www.instagram.com/reel/DHaNP8MNeP1/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

https://www.instagram.com/reel/DH3COmtek0/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

https://www.instagram.com/reel/DH3DgbHNocd/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

https://www.instagram.com/reel/DH3EA-FtqRs/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

Балаларды кітап оқуға тартуға үлкен әсер ететін ең маңызды әрі басты институт – отбасы. Балалардың кітап оқуға деген көзқарасы, олардың оқырмандық мәдениетінің артуы көп жағдайда ересектерден алған үлгіге байланысты.

Мектеп кітапханасы 2 сәуір күні Халықаралық балалар кітабы күніне орай отбасылық құндылықтарды насихаттауға арналған шара өткізді.

Мақсаты: қоғамда болып жатқан түрлі жағдайларды саралап, бала бойында адамгершілік, имандылық тәрбиені қалыптастыру, мейірімділікке, сүйіспеншілікке, ата-анасын құрметтеуге баулу, оқушыларға кітапқа деген қызығушылығын ояту, кітап оқуға ынталандыру арқылы шығармашыл, әлеуметтік бейімделген жеке тұлғаны дамытуға жол ашу, ойлауға, білуге құмарлығын дамыту, кітапқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу.

Іс-шарада “Отбасы бәріне бастау” әңгіме шолу жасалып, кітап көрмемен таныстырылды. Шараға ұстаздар, 7сынып оқушылары және 6 а сынып оқушысы Туралиева Аэлита әжесімен қатысып, өздері оқыған кітаптары мен оның пайдасы туралы айтты.

“Кітап - алтын қазына” тақырыбында қатысушылармен әдеби викториналар ұйымдастырылып, сыйлықтар табысталды.



https://www.instagram.com/reel/DH8AmXTtHnN/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

12 сәуір – Ғарышкерлер күні!

1961 жылы 12 сәуірде Қазақстанның Байқоңыр аймағынан тұңғыш космос кораблі ғарышқа аттанды. Сөйтіп, Юрий Гагарин – әлемнің тұңғыш ғарышкері, ал Байқоңыр – ғарыш аймағына айналды. Алғашқы ғарыш сапарынан кейінгі жылдары 500-ден аса ғарышкер аспан әлеміне сапар шегіп, ғылыми зерттеулер жүргізді.

Солардың ішінде Қазақстанның үш өкілі, өз елінің ұлттық батырлары, ұшқыш-ғарышкерлер: Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев және Айдын Айымбетовтер де бар.

Осыған орай мектеп кітапханасы 12 сәуір Ғарышкерлер күніне арналған мәнерлеп оқу, кітап және сурет көрмесін ұйымдастырды. Шараға 3 сынып оқушылары қатысып, өлеңдер оқыды. Көрмеге ғарыш туралы кітаптар, энциклопедиялар қойылып, шолу жасалды.

https://www.instagram.com/reel/DITlOVytZPb/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Қазақ КСР халық жазушысы, қоғам қайраткері, ақын С.М.Мұқановтың туғанына 125 жыл толуына орай «**Тарлан талант тағдыры**» атты кітап көрмесіне және танымдық сағат ұйымдастырылып оқушыларға таныстырылды.

Көрменің мақсаты – қазақтың көрнекті жазушысы Сәбит Мұқановтың өмірі мен шығармашылық мұрасын насихаттау, сондай-ақ, қазақ әдебиетін жастар арасында кеңінен дәріптеу.

Кітап көрмесінде Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы қорынан Сәбит Мұқановтың өмірі мен шығармашылығы туралы материалдар, оның еңбектері, жазушы туралы естеліктері ұсынылған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Атырау қаласында өткен Ұлттық құрылтайда құрылтай мүшелерінің Ұлттық кітап күнін белгілеу туралы бастамасын қолдап, оқуға деген құштарлық – қоғамның дамуына ықпал ететін маңызды құндылықтардың бірі екенін атап өткен. Осы мақсатта Үкіметтің 2024 жылғы 29 маусымдағы Қаулысының негізінде Қазақстанда жаңа мереке – 23 сәуірде алғаш рет атап өтілетін Ұлттық кітап күні пайда болды. Осынау атаулы мереке халық арасында кітап оқуды насихаттауға септігін тигізеді. Бұл – қоғамның, соның ішінде жастардың мәдени, рухани жетілуіне жасалған маңызды қадам.

«Ұлттық кітап күні» қарсаңында Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына орай «Абайды оқы, таңырқа!» атты Абай Құнанбаевтың шығармаларын бірыңғай оқу күні өтті. Мектеп кітапханасында «Әлем таныған ұлы Абай» атты кітап көрмесі, кітап дифелесі, кара сөздерін, өлеңдерін мәнерлеп оқу сағаттары өтті. ДТІЖО мектебіміздің кітап сүйер қауымын мерекемен құттықтап, лебізін білдірді.

Мақсаты: Ұлы ақын, ойшыл, ағартушы Абай Құнанбайұлының шығармашылығын насихаттау, жас ұрпақтың рухани дамуына ықпал ету, көркем әдебиетке қызығушылығын арттыру.

https://www.instagram.com/reel/DIx7nQcNWYs/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/DIyJMEMtVHI/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/DIyJt70tJfN/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/DIyM4CI6fx/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/DIyOol9tSLI/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/DIyiCucNP7b/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/DIyiMNVNZIJ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/DIyiX32NaHt/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

1 мамыр Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесіне орай “ Халықтар достығы - бірлікте” кітап көрмесі өтті.

https://www.instagram.com/reel/DJEnAO0tWuG/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

“Балалар кітапханасы” жобасы және “Оқуға құштар мектеп” бағдарламасы аясында Ұлы Отан соғысының 80 жылдығына орай “Ерліктің жарқын беттері” атты мектеп кітапханасында **“Желбіре, Жеңіс жалауы”** атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Мақсаты Ұлы Отан соғысына қатысушылардың есімдерін ұлықтау, өскелең ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеу. Отанға деген мақтанш сезімін ояту, еліміздің қаһармандық ерліктерге толы тарихына құрметпен қарауға үйрету.

https://www.instagram.com/reel/DJYzs_VNXmh/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Мектеп кітапханасында Ә.Молдағұлованың туғанына 100 жыл толуына орай «Ұлы даланың батыр қызы» атты тарихи кеші өткізілді.

Мақсаты: Ұлы Отан соғысының батыры, қазақ халқының батыр қызы Әлия Молдағұлованың өмірі менерлігін насихаттау. Отансүйгіш, патриот азамат боп өсуге тәрбиелеу.

Шараға 7 сынып оқушылары қатысты.

Қазіргі таңда мектеп кітапханада:

Кітап қоры барлығы 27333 дана бар

Оның ішінде оқулықтар 9187 дана

Көркем әдебиет кітаптары 18146 дана.

Оқу залы мен абонемент бірге орналасқан, отыратын 12 орын бар.

Кітапханашы:

Р.З.Жанзакова

